

При воспитании конкурентоспособного выпускника вуз должен сформировать у каждого студента:

- систему глубоких знаний в соответствии со стандартом образования;
- высокую нравственность и этику трудовой деятельности;
- высокий уровень интеллектуального профессионального развития личности;
- осознанное отношение к своим профессиональным достижениям;
- индивидуальную и коллективную ответственность за выполнение учебно-производственных заданий;
- экологическую ответственность;
- активный интерес к избранной профессии;
- организаторские и управленческие умения и навыки работы в учебном и трудовом коллективах.

Одна из главных целей высшего образования состоит в том, чтобы посредством различных форм обучения и воспитания подготовить студента к плодотворному творческому участию в жизни общества.

## **ЖОО-ДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ КУРАТОРЛАРДЫҢ РӨЛІ**

*Айтбенова А.А., Хасанова С.Б., Оспанова Ш.Б.,  
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.*

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тәрбиелеу білім беру жүйесінде жүзеге асырылатын, жалпы адамзат құндылығы негізінде білім алушылардың рухын дамыту үшін жағдай жасауға, олардың өмірлік өзін-өзі билеуіне, азаматтық және кәсіптік тұрғыдан қалыптасуына көмек көрсетуге, жеке адамның өзі-өзі жетілдіру үшін жағдай жасауға бағдарланған нысаналы қызмет ретінде қаралады /1/.

Қазіргі кездегі қоғам адамнан тек терең білімді болуын, жоғары деңгейдегі мәдениет пен ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын ғана талап етіп қана қоймай өзара тығыз байланыста өмір сүріп, тіршілік ете білуді талап етеді. Тұлғалық дамудың негізгі көрсеткіштері оның жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, намысшылдық, ой-пікірдегі тәуелсіздік болып табылатындықтан, осы қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы мен әлеуметтік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыруға болады. Жоғары оқу орнындағы заманауи тәрбие жұмысын бағалаудың ерекшелігі тәрбие үрдісіндегі жүйелілік пен тиімділікті қамтамасыз ететін факторлар мен шарттардың кешенділігі болып табылады.

ЖОО-дағы тәрбие ісінің тұжырымдамасында тәрбиелеу білім берудегі бірінші дәрежелі басымдық ретінде айқындалады, ал азаматтық жауаптылықты, құқықтық сана-сезімді, руханилық пен мәдениетті, бастамашылықты, дербестікті, тағаттылықты, қоғамдағы табысты түрде әлеуметтендіруге қабілеттілікті қалыптастыру маңызды міндеттер ретінде қаралады /2/.

ЖОО шеңберінде тәрбиелеу жұмысының негізгі міндеті – тіршілік етудің негізгі: танымдық, кәсіптік, отбасылық, рухани-мәдени, қоғамдық-саяси салаларда өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, біліктілігі жоғары маманды даярлау; ЖОО-ның тәрбие кеңістігінде студенттерді тікелей ынталандыру кезінде басқарушылық ықпалмен тәрбие жұмысының барынша жоғары нәтижесіне қол жеткізілетін осындай жүйені құру және қолдау.

Тәрбие процесін жүйелі көре білу және осы жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін қажетті факторлардың тұтастай кешенін бөліп көрсету ЖОО-ның тәрбие ісін бағалаудағы қазіргі заманғы тәсілдердің ерекшелігі болып табылады.

Тәрбие аудиториядан тыс педагогикалық ықпалдың оқшау элементі емес, педагогикалық іс-әрекеттің жалпы оқу мен даму үрдісіне кіріктірілген қажет құрамдас бөлігі болып

табылады. Тәрбиенің негізгі факторы – жоғары оқу орнындағы тәрбиелік ортаны ұйымдастыру және студенттердің оқу-әдістемелік, ғылыми іс-әрекеттерін, демалысын өздері басқаруға түрткі болу.

Жоғары оқу орындарында тәрбие саналы түрде жүргізіледі. Студент тек жоғары білім ғана емес, сонымен бірге жоғары деңгейдегі тәрбие үлгілерін де институт қабырғасынан көреді. Бүгінгі студенттер – кешегі мектеп оқушылары, ал ертеңгі мемлекет басқарудың тұтқасын өз қолдарына алатын болашақ мамандар. Сондықтан болашақ маман тәрбиесі – өте күрделі және өте жауапкершілігі мол іс-әрекет.

Жоғары білім – халық мәдениетін мұра тұтуға мүмкіндік беретін әлеуметтік институт. Жоғары мектептегі құндылықтар: білім алушы, білім алушының көңіл-күйі. Оқу ордасына, оқуға және ұстаздарға деген сенім мен ықыласы, жауапкершілігі мол іс-әрекет. Жоғары оқу орнының айырмашылығы да артықшылығы да жоғары сапалы білімді, жоғары мәдениетті маман даярлауында болғандықтан, жоғары оқу орнындағы тәрбие жұмысы – кәсіби бағдар беру, кәсіпке бейімдеу, кәсіптің қыр-сырына үңілдіру арқылы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды ұштастыра отырып болашақ маманның базалық мәдениетін қалыптастыруды көздейді.

Студенттердің тәрбиесі дегеніміз студенттердің адами және отандық құндылықтары негізінде студенттердің руханилығын, жеке тұлға болуына, азаматтық және кәсіби қалыптасуына көмек беруге бағытталған оқытушылардың қызметін айтуға болды. Студенттер ЖОО тек қана білім алып қоймай, сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелейтін істерге қатысу, көптеген түрлі конференцияларға қатысып, ғылыми жұмыстармен айналысуы керек.

Тәрбиелік жұмысытың басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, қойған мақсатына жете алатын, елдің экономикасын дамытуға қабілеті бар жоғары кәсіби білімді мамандық иесін дайындау. Тәрбиелік жұмыс тәрбиелік үрдіске барлық қатысушылардың мақсатқа жетуге және максималды нәтижелерге ие болатын осындай тәрбиелік жүйені құруға және қолдауға бағытталған.

ЖОО-дағы академиялық топтар тәрбие жұмыстарының орталығы болып табылады. Студенттік академиялық топтардың жұмысының нәтижелі болуының қажетті шарты – оның тәжірибелі куратор, тәрбиеші және ұйымдастырушы педагогтармен үнемі тығыз байланыста болуы. Оқу тобының кураторы – студенттің ерекше рухани кеңесшісі. Ол студенттердің жоғары оқу орнындағы оқыту әдістерін меңгеруіне көмектесуі керек, тәлімгер өзінің әрекетін студенттердің рухани – адамгершілік қасиеттерін, Отанына деген сүйіспеншілігін, өзі таңдаған мамандығына құрметпен қарауын тәрбиелеуі қажет.

Кураторлардың жұмысына келесі аспектілерді жатқызуға болады:

- Патриоттылыққа тәрбиелеу.
- Оқу-еңбек тәрбиесі.
- Мәдени-эстетикалық тәрбие.

Еңбек тәрбиесіне студенттер кафедраның және институттың санитарлық күндерінде, сенбіліктерге қатысу жатады. Тәрбиелік жұмыс мәдени-эстетикалық бағытта тиімдірек жүргізіледі. Студенттер өз кураторларымен бірге театрларға, киноға, мұражайға барады. Үнемі кітапхана күндері ұйымдастырылады. Сонымен қатар топтарда кураторлық сағаттар өткізіліп отырады.

*Куратор жұмысының негізгі мақсаты* – студенттерді қоғамның белсенді және саналы құрылысшылары етіп тәрбиелеуге барынша ықпал жасау. Топтағы әрбір жеке тұлғаның ғылыми дүние танымының қалыптасуын, адамгершілік қасиеттерінің, еңбекке деген сүйіспеншілігінің, жан-жақты жарасымды дамуына жағдай туғызу. Сондықтан оның жұмысының мазмұны мен тәрбиелік шараларының бәрі осы мақсатқа бағытталуы тиіс.

*Куратор жұмысының негізгі міндеттері:*

1. Студенттердің талап-тілектері мен мүдделерін және олардың жеке басының ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп білу.

2. Студенттердің не нәрсеге бейімділігін анықтап, оларды ынтымағы жарасқан, белсенді, саналы ұжымға ұйымдастыру.

3. Пән мұғалімдері мен ЖОО әкімшілігінің және студенттердің ата-аналарының тәрбиелік ықпалын үйлестіру, студенттерге қоятын педагогикалық талаптарының бірлігін қамтамасыз ету.

4. Тәрбие үрдісінде ЖОО-ның, отбасы мен жұртшылықтың тығыз қарым-қатынасын қамтамасыз ету.

5. Студенттердің ата-аналарымен үнемі байланыс жасап, отбасыдағы бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық оқу, насихат жұмыстарын жүргізу.

6. Студенттерді тәрбиелеуде топтан және институттан тыс әралуан тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру.

7. Тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігін қамтамасыз ету.

8. Тәрбие қызметінің тұтастығын, жүйелігін, тәрбиелік шаралардың бірлігін қамтамасыз ету.

Жалпы алғанда қазақстандық ЖОО студенттерімен тәрбие жұмысы аудиториядағы сабақтар шеңберінде де, сонымен қатар оқудан тыс қызметте де жүзеге асырылады. Оқудан тыс тәрбие ісі ЖОО-ның қоғамдастығымен және әлеуметтік ортаның өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге, кәсіптік қажетті жеке бастылық қасиеттерді қалыптастыруға, әлеуметтік белсенділікті дамытуға, студентке өзін-өзі тануды, өзін-өзі іске асыруда, өзін-өзі көрсетуде, тәуелсіздікке, дербестікке ұмтылуына психологиялық көмек көрсетуге және қолдауға, өзінің жеке әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағдарланған ЖОО-ның тәрбие жұмысының түпкілікті құраушысы болып табылады.

Студенттердің патриоттық сезімін, тәлім-тәрбиесін дамыту барысында Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының студенттер үйінің акт залында жаратылыстану–математика факультетінің «Информатика және компьютерлік технологиялар» кафедрасының кураторларымен «Көктем аруы» атты іс-шара өткізілді. Ұйымдастырушы аға оқытушылар С.Б. Хасанова, А.А. Айтбенова, З.С. Ерсұлтанова, Ш.Б. Оспанова және информатика мамандығының І–ІІІ курс студенттері.

Бұл іс-шараның мақсаты:

- *Білімділік:* өзін-өзі таныстыра білуге, салт-дәстүрді жетік білуге, өз өнерін көрсете білуге үйрету.

- *Тәрбиелік:* әдептілікке, сыпайылыққа, сұлулыққа, кішіпейілділікке, өнерге ұмтылған қыз балаларды тәрбиелеу.

- *Дамытушылық:* ойлау, есте сақтау қабілетін, қиялын, тілін дамыту.

Бұл іс-шараға Информатика, Педагогика және психология, Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандықтарының студенттерінің арасынан 7 қыз бала қатысты. Қатысушыларға әділқазылар әділ бағасын беріп, әр номинация бойынша (Көктем аруы, көрермен көзайымы, білімді қыз, өнерлі қыз, дарынды қыз, тапқыр қыз, шебер қыз) жүлде тағайындады:

- ✓ Өнерлі қыз–Тұрақбаева Б., информатика-2 к.
- ✓ Көрермен көзайымы– Абдрахманова А. Мат-2 к.
- ✓ Тапқыр қыз – Қуанышбаева Г., информатика-3к.
- ✓ Шебер қыз– Қалқаман А., ПжП-1к.
- ✓ Нәзік қыз–Егембердиева Н., информатика-1к.
- ✓ Көктем аруы– Исакова Д., БОПӘ-1к.
- ✓ Дарынды қыз– Сарыпбек П., БОПӘ-1к.

Сонымен, тәрбие жұмысының жүйесі студентті шығармашыл, жан-жақты дамыған жеке тұлға, белсенді өмірлік ұстанымы бар азамат және қазіргі заманғы кәсіптенген маман ретінде қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады. Осындай мерекелік іс-шараларды жоғыры оқу орындарында жүргізу студенттердің студенттік өмірін қызықты етіп өткізуіне,

салт-дәстүрге деген көзқарасын нығайтуға, патриоттық сезімін оятуға тәрбиелейді. Студенттің жеке тұлға болып қалыптасуына куратордың рөлі ерекше деп айтуға болады.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Білім туралы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (04.07.2013. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

2 Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 бұйрығымен бекітілген.

3 Березина В.А. Воспитание в современном вузе: новые подходы // Высшее образование сегодня. – 2002. – № 11. – С.6–12.

4 Боқанова Ж.Қ., Кәрімова Ж.К., Ильясова Г.Т., Масатова Б.Б., Жанаев А.Ж., Мұстафина В.О., Рау Г.А. Жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмысының өзекті мәселелері: Әдістемелік құрал. – /Астана: «Шикула и К» ЖШС, 2013. – 160 с.

5 Оствальд Г.В., Довбыш С.А., Невинская Н.А. Воспитательные аспекты образовательного процесса // III Международная научно-практическая конференция «Аграрная наука – сельскому хозяйству». – Барнаул: АГАУ, 2008. – Кн. 3. – С. 390–392.

### **КУРАТОРСКАЯ РАБОТА КАК ВАЖНЕЙШАЯ ЧАСТЬ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ**

*Борский М.Ю.,*

*Костанайский педагогический колледж*

Одной из форм учебно-воспитательной работы со студентами является кураторство – это незаменимая и эффективная система взаимодействия преподавателей и студентов. Она позволяет решать многие задачи, в том числе оказывать студентам помощь в обучении и других возникающих проблемах, передавать молодежи жизненный опыт, знания и традиции, оказывать определенное воздействие на их мировоззрение и поведение.

Кураторы являются частью системы учебно-воспитательной работы со студентами, поэтому все задачи этой работы одновременно являются и задачами кураторов, а конечной целью образования в целом является подготовка высококвалифицированного специалиста, отвечающего всем современным требованиям, патриота и гражданина своей страны, высоко-нравственного, культурного человека, обладающего широкой эрудицией. Существенный вклад в решение этой задачи могут внести кураторы, т.к. именно кураторская работа наиболее органично сочетает в себе процессы обучения и воспитания.

В содержательном плане работа куратора существенно изменилась. В последнее десятилетие произошла более резкая дифференциация отношения студентов к обучению, многие из них начиная со 2-го или 3-го курса вынуждены работать, усложнилась обстановка в студенческих взаимоотношениях, зафиксированы случаи употребления наркотиков, студенты зачастую имеют обеднённые нравственные ориентиры и не всегда соблюдают элементарные нормы поведения, для значительной части студентов открытым остаётся вопрос трудоустройства. Всё это заставляет вносить коррективы в воспитательную работу, требует от куратора больших затрат времени и душевных сил. Поэтому необходимо рассмотреть механизмы воздействия куратора на студентов:

Влияние в воспитании – форма осуществления функций педагога, деятельность куратора в едином процессе социального взаимодействия, приводящая к изменению каких-либо особенностей индивидуальности человека, его поведения и сознания. Индивидуально-специфическое влияние куратора заключается в передаче студентам еще не освоенных ими образцов личностной активности, в которых выражаются его индивидуально-психологические характеристики (доброта, общительность и т. д.). Функционально-ролевое влияние куратора – форма осуществления его функций и взаимодействия со студентами, связанных с задаваемыми